

А.К. Даирбекова*, А.С. Адилова, Б.А. Жунусова, С.А. Рахымберлина

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: ayau78@mail.ru, adilova2010@mail.ru, bayan75-75_75@mail.ru, Rakhymberlina_Sagila@buketov.edu7kz.)

Медиалық-тілдік тұлғалардың эпистолярлық дискурсы (І. Омаров, Ш. Мұртаза хаттарының негізінде)

Тілімізде осы уақытқа дейін ақын, жазушылардың тілін қарастырған ғылыми жұмыстар көбірек зерттеліп келсе, кейінгі кездері жеке жазушының немесе қоғам, мәдениет қайраткерлерінің эпистолярлық дискурсын зерттеуге арналған жұмыстар көбірек қолға алынуда. Хат — сөйлеудің ерекше эпистолярлық жанры. Ол адресатқа белгілі бір ақпаратты жеткізу, хабардар ету немесе өзара қарым-қатынасты қолдау мақсатында жолданатыны белгілі. Мақалада хаттардың тілдік ерекшеліктері мен стиліне, адресат пен адресант арасындағы қарым-қатынасқа талдау жасалады. Баспасөз арқылы хат жазысқан қаламгерлердің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін талдап, халық үнін жеткізудегі нақты дәйекпен ой айтылады. Мақаланың мақсаты — медиалық-тілдік тұлға ретінде тануға болатын мәдениет пен қоғам қайраткерлері, қазақ елінің біртуар азаматтары Ілияс Омаров пен Шерхан Мұртазаның эпистолярлық дискурсындағы тілдік ерекшеліктерді нақтылап, олардың идиостиліндегі тілдік бірліктердің функционалдық, коммуникативтік, прагматикалық қызметтерін анықтау. Эпистолярлық жанрда автор мен адресант арасындағы байланыс пен тұлғааралық қатынасты да көрсететіні маңызды болмақ. Эпистолярлық дискурс арқылы хат мәтіндерінде белгілі бір уақытты (кезенді) көрсететінін көреміз. Мәдениет қайраткерлерінің бір-біріне жазған достық хаттары — дәуірдің өзіндік құжаты. Коммуникативтік-прагматикалық және лингвомәдени танымдық тұрғыдан тілдік материалдар кешенді түрде қарастырылған. Эпистолярлық стиль арқылы хаттардың ақпараттық маңыздылығы айқындалып, хат мәтіндеріндегі авторлық қолданыстар, тілдік мәдениет нақтыланады. Автордың тыңдаушыны сендіру шеберлігі, тұлға психологиясы мен тұлғааралық қатынасты түсіну қабілеті, ақпаратты ықпал ету тәжірибесі, әр көтерген мәселенің тарихын білуі, сендіру және дәлелдеу шеберлігі көрінеді. Коммуниканттардың өзара қарым-қатынасы мен идиостилінің ерекшеліктері, тілдік және тұлғалық сипаттары белгіленеді. Ш. Мұртаза мен І. Омаровтың хаттары арқылы олардың білімді, интеллигент адам ретіндегі болмысын, достық әрі іскерлік қарым-қатынасының тиімді қолданыста болғанын көреміз. Мақалада коммуникативтік-функционалдық талдау әдісі қолданылып, хаттардың мәтіні талданып, лексика-семантикалық ерекшеліктері анықталды. Хат мәтіндерінде саяси-қоғамдық жағдайларды талдаудағы әртүрлі пікір қарастырылып, қарапайым лексиканың ауызекі сөйлеу тілінде берілгенін көреміз. Сонымен қатар қарым-қатынасқа тән амандасу, алғыс айту, тілек білдіру, кешірім сұрау сияқты тілдік клишелердің қолданысы адресатқа деген құрметті білдіріп, сенімділік қалыптастыруға ықпал етеді. Қоғам қайраткерлері хат арқылы ойларын барынша ашық жеткізіп, ішкі дүниесін тереңнен ақтарып, сол арқылы қоғамда болып жатқан мәселелерді кеңінен толғайды. Демек, хат — ауызекі сөйлеу стилінен ғылыми стильге дейінгі мәліметті тоғыстыра алатын ерекше жанр деп айтуымызға толық негіз бар.

Кілт сөздер: хат, хат мәтіні, эпистолярлық стиль, эпистолярлық дискурс, адресат пен адресант, тұлға, қоғам қайраткерлері, идиостиль, тілдік бірліктер.

Kipicne

Жазу өнері — тарихы тереңде жатқан жанр. Ерте дәуірден адамдар бір-бірімен хабар алмасу үшін ағаш пен жапырақтарды пайдаланған. Шынында да V-VIII ғасырлардағы әлемге танымал болған туындылар тас бетіне қашап жазған Орхон-Енисей, Күлтегін жазбаларынан бастау алған, кейіннен бірте-бірте қағаз бетіне түсірілген, одан кейін жазу адамзаттың қарым-қатынас құралына айналғаны белгілі. Сөйтіп, жазу өнерінің ғасырдан ғасырға дамып, халық өмірінде қоғамдық-саяси мәні артып, ұлт тарихын түгендеу мен насихаттауда атқарған ролі зор.

Ғалым Г. Пірәлі хаттың маңызы туралы былай дейді: «Әлемдік әдебиет әлеміндегі хат жанры осы кезге дейін тұрмыстық өмірде көп кездесіп, адамзат тарихындағы руханиятта айтарлықтай із қалдырды. Эпистолярлық мәдениет қоғамдық, саяси, әлеуметтік және әдебиет, мәдениеттегі құбылыстарда адам мен адамның, қоғам мен қоғамның, ұлт пен ұлттың, ұрпақ пен ұрпақтың

* Хат-хабар үшін автор. e-mail: ayau78@mail.ru

арасында диалогтық дәстүр қалыптастырып, сөйлеу жанрының жан-жақтылығын қамтамасыз етті» [1; 9]. Қазіргі кезде хаттарға жауапкершілік күшейіп, жалпы адамзаттық мәселелер көтере бастады.

Ғылымда хат жазу немесе хат жіберу эпистолярлық стиль деп аталады. Эпистолярлық стиль де басқа стильдер сияқты бірте-бірте дамып қалыптасты. Лингвистер зерттеу бағытына қарай «эпистолярлық жанр», «эпистолярлық стиль», «эпистолярлық дискурс», «эпистолярлық әдебиет» сияқты терминдерді қолданып жүр. Жазбаша сөйлеудің тарихи қалыптасқан түрі ретінде «эпистолярлық стиль» терминін қолданған дұрыс деп санаймыз. Эпистолярлық стиль арқылы тарих, мәдениет пен әдебиет, өркениет, саясат туралы көптеген ақпаратты білеміз. Қазақ Совет энциклопедиясында: «Эпистолярлық әдебиетке жеке адамдардың бір-біріне жазған, мәдени маңызы бар, әдеби мұраға айналған хаттары да жатады» деген түсінік беріледі [2; 453].

Хат эпистолярлық коммуникацияның бірлігі болғандықтан, онда сөйлеу жанрының барлық белгісі болатыны анық. Эпистолярлық стильде адресат пен адресанттың тұлғалық ерекшеліктері, олардың қарым-қатынасының сипаты, қарым-қатынас тақырыбы, пікірлесу тақырыбы, алшақтық, сөйлеу тілінің жазбаша түрі сияқты белгілер, коммуниканттардың өмір сүрген дәуірі анық көрініп тұрады. Мәтінде берілген ақпарат тұрақты, өзгермей жеке хат түрінде сақталып отырады. Жеке хаттарды баспасөзде жариялау кезінде «жалпыға жария ету» мүмкіндігі мен мүмкін еместігі туралы сұрақтар да туындап отырады. Сонымен қатар хаттар оқырмандарға ой салатын, қоғамдық ой-пікір тудыратын ақпарат көзі ретінде де белгілі. Негізінде эпистолярлық стильде жазылған шығармалардың көтеретін әлеуметтік жүгі және қоғамдық мәні жоғары.

Осы күнге дейін жазу адамзат үшін маңызды рөл атқарып келеді. Өткен ғасырларда бұл стиль ерекше бағаланып, жеке жанр дәрежесіне көтерілгені анық. Академик Рәбиға Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің» тарихы кітабында эпистолярлық жанр туралы: «Бұл стиль — адамдардың бір-бірімен хат алмасу тілін көрсететін сөз стилі. Әдетте, бұл салада зерттелетін материал кез келген адамның оның күнделікті өміріне, тұрмыс тіршілігіне қатысты хаттары емес, белгілі қоғам қайраткерлерінің, ғылым өкілдерінің негізінен әлеуметтік немесе басқа мазмұндағы хаттары болуы керек» [3; 247], — дейді. Сонымен қатар ғалым XIX ғасырдағы қазақ қайраткерлерінің хаттарын лексика-фразеологиялық, прагматикалық тұрғыдан қарастырады.

Орыс тіл білімінің зерттеушілері Н. Кохтев, О. Протопопова «Анықтамалық әдебиеттерде хаттар мен жолдаулардың (эпистол) формасына негізделген, тарихи тұрғыдан қалыптасқан жазбаша сөздің бір түрі ретінде қарастырылады (грекше *epistole* — «жолдау, хат») [4; 639], [5; 631], — деген пікір айтады. Ал, А. Кирьянова былай деген: «Хат эпистолярлық коммуникацияның негізгі бірлігі болғандықтан, оған сөйлеу жанрына тән барлық сипат тән» [6; 125]; [7; 246]. М. Бахтиннің пікірінше: «Сөйлеу жанры экспрессия, көлем, адресант және адресат тұрғысынан коммуникативті жағдаятқа байланысты сипатталады» [8; 458], демек хат та жазбаша сөйлеу жанрының бір түрі ретінде осы ерекшеліктерге сәйкес болуы керек.

Хат алмасуға екі жақ — адресант пен адресат қатысады, сондықтан коммуниканттардың жас ерекшелігі, жынысы, әлеуметтік жағдайы, таныстығы, олардың жеке қарым-қатынасы, жеке сөйлеу ерекшеліктері мәтіндердің тілдік табиғатын айқындайтын негізгі фактордың бірі [9; 175]. Эпистолярлық мәтіндерді коммуникативтік тұрғыдан зерттеуде хат алмасу мотивін, мақсаты мен міндетін, жеке хаттарды жазу жағдайын және т.б. қарастырылады.

Эпистолярлық стиль туралы әртүрлі көзқарас пен зерттеуді талдау негізінде Н.И. Белунова хаттың негізгі белгілері ретінде мыналарды көрсетеді: адресатқа нақты назар аудару; «Мен — Сен» коммуникативті-прагматикалық осін жүзеге асыру; көптематикалық; көпфункционалдылық, сөйлеу этикетінің мағыналық толықтығы; семантикалық толықтық; формализаторлардың бір түрі болып табылатын шекаралардың (хаттың басы мен соңы) болуынан байқалатын құрылымдық бірлік; белгілі бір жағдайға байлану; қос межелі — ашық (эксплицитті) және астарлы (имплицитті), контекстік — ақпаратты қамтитын мазмұн тұтастығы; адресант пен адресаттың тілдік тұлғасының ерекшеліктерін көрсететін коммуникативтік міндеттер жүйесі және автордың жеке жазу стилі» [10; 75].

Зерттеудің деректері мен әдістері

XI-XX ғасырлар арасын қамтитын кезеңді эпистолярлық жанрдың нағыз шарықтаған уақыты деп атауға болады. Қазақ елінің ел болып қалыптасуына, бабалар аңсаған егемендіктің орнығуына атсалысқан көптеген қайраткерлердің өз ойын ашық жария ету мақсатында хаттарды пайдаланғаны байқалады, сондықтан эпистолярлық жанрдың табиғатымен ерекшеліктерін көрсету үшін өткен ғасырдағы қазақ зиялыларының хаттары зерттеу нысаны болып отыр.

Мақалада коммуникативті-функционалдық тәсіл арқылы хаттардың мәтіндері талданып, нақтыланады. Аталған әдіс арқылы хаттардың лексика-грамматикалық ерекшеліктері анықталады.

Эпистолярлық шығармалар арқылы тарих, саясат, мәдениет пен әдебиет, өркениет, өнер, әдет-ғұрып, оқиғалармен таныса аламыз. Сонымен қатар эпистолярлық шығармалар есімдері елге белгілі тұлғалар, олардың жеке өмірі, шығармашылығы, қызметі, еңбек жолы, арман-мақсаты туралы ғылыми зерттеулер жүргізуде де таптырмас құрал болып табылады. «Эпистолярлық жанр — өзіндік ерекше табиғаты бар, жеке адамдардың бір-біріне жазысқан хаттарының тілін танытатын сөз мәнері, жеке жазушының сөз саптауы, жазу үлгісі» [11; 132], – дейді Г. Омарбекова. Осы айтқандарымызға мысал ретінде есімдері ел есінде қалған, белгілі мәдениет қайраткері Ілияс Омаровтың, публицист Шерхан Мұртазаның хаттарын негізге алуға болады. І. Омаровтың атақты жазушылар М. Шолохов, Л. Леонов, А. Фадеев, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Б. Момышұлы т.б. қаламгерлермен жазысқан хаттары оның сыншылдық мұрасының мазмұнын байытуға ерекше үлес қосқанын білеміз [12; 61]. Аталған тұлғалар ХХ ғасырда өмір сүргенмен, олардың хаттары жазылған тұста қоғамдық-әлеуметтік жағдай, идеология, мәдени кеңістік, ұлттық сана деңгейі әртүрлі болғаны сөзсіз.

Нәтижелер мен талқылау

Қарқынды хат алмасу, әдетте, кәсіби ортаның, достық шеңбердің, күнделікті істердің және т.б. ортақтығына байланысты болғанмен, көтерген мәселелерімен есте қалады. Отаны үшін, елі үшін еңбек еткен ер қашанда елдің мақтанышы, өсу мен өркендеудің қайнар бұлағы. Себебі, олар сын сағатта халқының қамал-қорғаны бола білді, әлеуметтік ілгерілеуіне бағыт-бағдар сілтеді, жол көрсетіп, келер ұрпақ сабақтастығына хаттар арқылы үн қосты. Әрқашан ел үшін қызмет еткен ер мәңгі халық жүрегінде қала береді. Дәстүр бойынша белгілі саяси және мәдениет қайраткерлерінің хаттары, көрнекті тұлғалардың жазғандары әдеби мұраның фактісіне айналып, келер ұрпаққа мұра болып қалатыны сөзсіз. Ғалым Р. Сыздықова жеке жазушылардың сөз мәнері (даралық стилі) деп атап, эпистолярлық стиль ретінде қарастырады [13; 6].

«Хаттар арқалаған сырлар» атты кітабында «Ілияс Омарұлы Омаров (1912-1970) — ХХ ғасырда Қазақстан партиялық-мемлекеттік истеблишментінің арасындағы ең бейнелі тұлға. Солай бола тұра, ол кісінің жеке тұлғалық қасиеттері өз алдына бірегей: парасаттылықтың сан қырлы қасиеттерімен ұйымдастырушылық дарындылығы оның бойындағы таза шыншылдығы және жоғары инабаттылығымен, мәдениеттілігі, социалистік қоғамды қалыптастыру мұратына деген сенімнің беріктілігі, адамзатқа деген шексіз махаббаты өзара бір ғана тұлғаның бойында әдемі үйлесім тапқан» деген баға беріледі [14; 6].

Мәдениет қайраткері Ілияс Омаровтың Мұхтар Әуезов, Бауыржан Момышұлы, Қалибек Қуанышбаев, Шәкен Айманов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мәлік Ғабдуллин, Зейін Шашкин, Қаныш Сәтбаев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов және т.б қазақ тілінде, сонымен қатар орыс тілінде А. Қонаев, А.М. Панкратова, Н.Е. Тихонов, Н.И. Сац, Т.И. Сәтпаева, Л.М. Леонов, Е.Г. Брусиковский т.б сынды белгілі тұлғалармен және басқа қоғам қайраткерлерімен жазысқан хаттарының өзі бір кітап. Ілияс Омаров туралы Қ. Құрманғали: «Бүгінгі қазақ елінің мәдениеті мен өнерінің өсіп-өркендеуіне ерен еңбек сіңіріп, өмірін арнаған азаматтардың ішіндегі бірегейі Ілияс Омаров екендігі жалпы жұрт мойындаған шындық» [15; 6], – дейді. Өткен ғасырдың екі кезеңінде өмір сүрген мәдениет қайраткерінің тек архивтегі деректері ғана қамтылған «Хаттар арқалаған сырлар» атты жинағы 2012 жылы жарық көрді.

1946 жылы жазған «Қадірлі Мәлік!» деп басталатын хаты тілдік тұрғыдан ерекше назар аудартады: «Сенің хатыңды алғаннан кейін мен Алматыға барып бірнеше рет таңертең, кешке де телефон соғып едім, жауап берген жоқ. Қандай *жортуылда* жүргенінді Алла тағалам білсін. Бір күні кешке сені таба алмаған соң менің ойыма атақты Стендальдың бір сөзі сап ете түсті. Ол мынау еді: *«Тщеславные даже обладали холодным умом, допускать ошибки, что утверждая, что они всегда были выше сердечных слабостей»*. «МӘӘ!.. дедім өзіме-өзім осы ойды ұстап алып, *келінді де құдай бір көрсетер»* дедім ішімнен. Алматыда да көп жүруге мүмкіншілік болған жоқ, себебі тасадағы қуыстың біреуіне *насыбай ілігін шашқаны тиген сиырдай ауылға шабуға тура келді»*. Ал енді *қалжыңнан басты тартып* алып, *шығам деп үміттеніп жүрген мұртты бір сипап қойып* секретарь болып сөйлеп көрейін. Абыройсыз болмаспыз-ау деймін, оған *нардай иілген Алтайдың алтын тамған қарт емшегі айғақ.*

Ал енді ауыл шаруашылығымыз *салақ қатынның үйіндей болып абдырап қолбырап жатыр*. Оған себеп, жаңбыр көп болып, шыққан егінді *бауырлатып жатқызып* тастап, ал оны жинап

алайық десек, күні-түні *сауылдап жауып*, мазаны кетіріп тұр. Дегенмен, *желкеге су кетіп*, қызу еңбектің ортасындамыз. *Көңіл көтеріңкі, мұрын орнында*. Әрине, Алатаудың қатпар тасын қолына ұстап, *іннің аузында тышқан аңдыған мысықтай*, бізде атақты таз Нұрдәулет отыр. Оның ойы бізді былай деп табаламақ, *кедей етегіне бидай салса*, Нұрдәулеті тұрып төгіп тастайды, болмаса *кедейдің аузына ас тисе, мұрны қанайды* демек. Бірақ осы сөздерді сол *тазға* айтқызбай, *аңдып отырған тышқан боп жерден шықпай, мұзбалақ тұйғын боп сорлы мысықтың төбесіне түспесек не жазсын*. Ал енді, әңгіме де, қалжың да әзірге осымен доғарыла тұрсын. Келесі сессияға бара алмайтын түрім бар. Орысша айтқанда: *«Грехи не пускают»*. Сол себепті Мәскеуде кездесе алмаспыз. Әзірге қош бол! Сәлеммен, Илияс. 1946 ж. Өскемен қ. [14; 31].

Хаттың мәтінінде барлық функционалды стильдеріне жататын тілдік бірліктер, тұрақты тіркестер, қарапайым сөз, ауызекі сөйлеу тілі элементтері, мақал-мәтелдер, окказионалды өзгеріске түскен прецедентті айтылымдар да кездеседі. Мысалы, *насыбай ілігін шашқаны тиген сиырдай ауылға шабуға тура келді* «қалжыңнан басты тартып», «шығам деп үміттеніп жүрген мұртты бір сипап қойып» *секретарь болып сөйлеу*, «нардай иілген Алтайдың алтын тамған қарт емшегі айғақ», «салақ қатынның үйіндей болып абдырап қолбырап жатыр», «бауырлатып жатқызып тастап», «сауылдап жауып», «желкеге су кетіп, қызу еңбек». *Көңіл көтеріңкі, мұрын орнында*. «*іннің аузында тышқан аңдыған мысықтай*» «*кедей етегіне бидай салса*», «*кедейдің аузына ас тисе, мұрны қанайды*» «*аңдып отырған тышқан боп жерден шықпай, мұзбалақ тұйғын боп сорлы мысықтың төбесіне түспесек не жазсын*» деген сияқты қолданыстарды жаттанды, күнделікті бірліктер емес, авторлық — индивидуалды сөз қолданыстары ретінде қарауға болады. Осындай сөз қолданыстары хат авторының көңіл-күйін, сөйлемдеріндегі эмоционалды бояуынан ақ байқалып тұрады. «МӘӘ!..» деген ауызекі сөйлеу тіліндегі қаратпа сөзде бар. Автордың қолданысындағы орыс тіліндегі мақалда *«Грехи не пускают»* хат мәтінінің мағынасына әртүрлі эмоциялық әсер, эмоциялық реңк беріп, коммуниканттар арасындағы жақындықты білдіріп тұр.

Өнер майталманы Қалибек Қуанышбаевқа жазған келесі бір хаты «Қадірлі Қалеке!» — деп басталып, «Біздің сәулетті мәдениетіміздің бір саласын құраған 4-5 *алтын қарттардың басысыз*.

Сіздердің бір зор қасиеттеріңіз — *«ескінің жұрнағы едік»* деп *надандық заманның нар кеудесін алып келіп жаңа заманға масыл қылған жоқсыздар, жаңалықтан жатырқамай* заманға сай мәдениет құра білдіңіздер. Ал енді құттықтаумен бірге тілек білдіретін тағы бір әдет бар ғой, олай болса *«елуге қарай тартыңыз»* десек жалған тілек болар еді, сол себепті *жүзге қарай тартып көріңіз, Жәкеңнің жеткізе алмаған тоғыз айын жеткізу керек қой*. 29 ақпан, 1953 ж. Москва қ.» деп жалғасқан [14; 68].

Осы хаттағы *«алтын қарттардың басысыз»* деген тіркес автордың өз адресаты және ол арқылы жалпы үлкен адамға деген құрметі мен ашық бағалауын, субъективті көзқарасын көрсетеді. Ал *надандық заманның нар кеудесі, масыл қылған жоқсыздар* тіркесі қайраткердің өз заманының саяси ұстанымы негізінде пайда болған қолданыс екені күмәнсіз. Жалпы І. Омаровтың хаттарында *индивидуалды қолданыстағы тұрақты сөз тіркестері* көптеп кездеседі, бұл автордың тілдік құзіретінің жоғары екенін, тіл байлығының молдығын көрсетеді. Тілдік тұлға құрылымының әр деңгейінің өзіне тән тілдік құралдары бар екені ескерсек, І. Омаровтың тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейін көрсететін прецедентті құбылыстар қатарында ұлттық және әлемдік білім, мәдениет кеңістігін танытатын қолданыстарды кездестіруге болады. Мәселен, жоғарыдағы *хаттағы «жүзге қарай тартып көріңіз, Жәкеңнің жеткізе алмаған тоғыз айын жеткізу керек қой»*, - деген жолдарда Жамбыл Жабаевтай 100 жасауды меңзеу ұлттық мәдениет фактісін білдірсе, келесі хаттағы интертекстке құрылған теңеу универсалды білім базасынан алынған: «Қадірлі Бауыржан! Ауырып жатқан кісіге қазаны жазу есептен дұрыс та емес шығар, бірақ сен «суеверный» емессің ғой. Әйтеуір өзім қай сәтте де өмір әңгімесінің ащы-тұщысын ынтамен қабылдаймын. Әзірге сау бол. Тез жазылып шық! Жақында мен де жатып шығатын шығармын, себебі науқасым *Городничийдің әйелі мен қызы* құсап жыбырлай бастады...» [14; 91], яғни хатта сырқатының жанына батуын, мазалауын Н. Гогольдің атақты «Ревизор» комедиясындағы кейіпкер Городничийдің қызы мен әйелінің мінезіне ұқсатуы айрықша әсерлі.

Хат иесінің көбінесе, адресатқа құрмет көрсете, сый білдіре арнаған вокатив сөздері сын есім мен жалқы есім немесе жалпы есімдерден құралады. Мысалы:

– сын есім мен зат есім (жалқы есім): Қадірлі Мәлік! (М. Ғабдуллин); Қадірлі Қалеке! (Қ. Қуанышбаев); Ардақты Бауыржан! (Б. Момышұлы); Қымбатты Әбдіжәміл! (Ә. Нұрпейісов); [14; 172].

– сын есім мен зат есім (жалпы есім): Қадірлі достар!

Соңғы вокатив 1970 жылы 16 шілдеде ауруханада жазған халықпен қоштасу хатында ғана кездеседі [14; 466]. Қаратпалы вокатив сөздерде екі тілдің — қазақ және орыс тілдерінің лексикалық бірліктері: қадірлі, ардақты, құрметті, дорогой (ая), уважаемый (ая), глубокоуважаемый (ая) секілді сын есімдер қолданылады. Жеке хаттарға тән бұл ерекшеліктерге Н. Седова: «Әдеби шығармашылықпен айналысатын тұлғалардың тілдік қолданысы — әдеби тіл элементтерінің ауызекі және диалектілік лексикамен ұштасқан өзіндік синтезін құрайды» [16; 57], – дейді.

Кейбір зерттеушілер эпистолярлық тілдік жүйені әдеби ауызекі сөйлеу тілімен теңестіреді. Мұндай құбылысты И. Лешутина «эпистолярлық ауызекі сөйлеу тілінің ерекше түрі» деп атауы ғылыми тұрғыдан орынды [17; 35]. Бұл көзқарасты Т. Акимова да қолдайды. Оның пікірінше, сөз шеберлерінің эпистолярлық мәтіндері белгілі бір тарихи кезеңнің әдеби нормаға жақын дұрыс ауызекі сөйлеу тілін айқын бейнелейді [18; 8].

Жалпы алғанда, хаттар коммуниканттардың тілдік тұлға ретіндегі ерекшеліктерін аңғартып, сөйлеушінің портретін танытуға мүмкіндік береді, адресант пен адресаттың жеке эпистолярлық идиостилинің ерекшелігі бар екенін көрсетеді. Демек, хаттар сол дәуірдің әдеби, мәдени, саяси контекстіндегі адресат пен адресанттар тұлғасының маңызын, рөлін көрсетіп тұрады. Осыған орай эпистолярлық мәтіндерді зерттегенде коммуникативтік тәсілді және лингвистикалық әдісті біріктіріп қарастырған дұрыс деген пікірдеміз.

Қазақ әдебиеті классиктері мен қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткерлерінің орталық мұрағат пен мұражай қорларында сақталған хаттары лингвистикалық сипаттаудың объектісіне сирек айналады. Осы орайда біз қарастырып отырған эпистолярлық мәтіндер мәдениет пен қоғам қайраткерлерінің публицистикалық, эпистолярлық стилін, оның тілдік тұлғасының ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Жоғарыдағы мысалдар І. Омаровтың жеке адресатқа арнаған хаты болса, Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның хаттары арасында ашық хаттардың көбірек жазылғанын көреміз.

Біздің ойымызша, ашық хат — «классикалық» жеке хаттың, іскерлік петицияның, журналистік жұмыстың және PR мәтінінің қасиеттерін біріктіретін синкретті жанр. Бұл тұжырымға сәйкес хат эпистолярлық стильдің стилистикалық талаптарына сай болуы әртүрлі салада тұлғааралық және әлеуметтік өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге қабілетті, көп функциялы жанр ретінде қарастырылады.

Эпистолярлық материал авторы өзі үшін өзекті әлеуметтік тақырыптардағы интерактивті диалогқа белгілі бір әрекет арқылы қатыса отырып, өзінің әлеуметтік позициясын және белгілі бір пікірлестер тобына қатыстылығын көрсетеді. Дәл осы көзқарастар эпистолярлық-медиалық тілдік тұлғалардың, оның ішінде ашық хат авторларының азаматтық позициясын көрсетудегі батылдық, адалдық, мақсатқа жетудегі табандылық, іс-әрекеттің жүйелілігі, халықтың тілегін жеткізу сияқты қасиеттерінің өзектілігін айқындайды. Публицистикалық стильге жататын БАҚ эпистоляры, оның ішінде ашық хаттар осы жанрлық және стильдік нұсқалардың бірі болып табылады.

А.И. Чеснокова ашық хаттардың екі түрін ұсынады: «идеологиялық хаттар және оқырман хаттары. Идеологиялық хаттардың қоғамдық маңызы бар мәселелерді қамтиды» [19; 102], – дейді.

Ш. Мұртазаның ашық хаттарын қарастырып көрейік. Бірінші хат кезінде Премьер-министр болған Қасым-Жомарт Тоқаев мырзаға елдегі зейнеткерлердің зейнет жасы туралы мәселесін көтерген қалың жұртшылықтың атынан жазылған:

«Біз дүниеге келгенде сұрапыл соғыс жүріп, әкеміз соғысқа кетіп, содан оралмай, әке тәрбиесін көрмей өскен ұрпақпыз. Бұл күнде зейнетақы жасына да жақындап қалдық.

Бірақ соғыс жарасы жазылған жоқ, ерінбей еңбек еттік. Балалық бал дәуренді білмедік. Ерте азаптандық.

Ал, бізде 63-те зейнетке шығармақшы. Зейнетке бұрынғыдай ер-азаматтар үшін 60 жаста, әйелдер үшін 55 жаста шығарғаны әділеттік болар еді.

Адамның өмірі қысқа ғой. — Бейнет ет те, зейнет көр, – дейді халық. Ал, сол зейнетке жеткенше өмір де таусылып бітердей. Осы заң түзелсе екен» [20; 588].

Г. Әбікенова: «Дипломатиялық хаттар эпистолярлық жанрға жатса да ғылыми стиль, ресми стиль аралығынан орын алады», – деген пікір білдіреді [21; 23]. Қарастырылып отырған ашық хаттың мәтінінде эпистолярлық адресанттың өзін-өзі таныстыру қатынасы сақталған, алайда хатта автордың халықтың ойын жеткізу ерекшелігі басым. Адресанттың өзін-өзі позициялауы, оның кәсіпқойлық деңгейі осы хатта ерекше көрінеді. Адам өмірінің қысқалығы, зейнеттің рахатын дер кезінде көруі

керек екенін, заңның түзетілуі қажет болғанын «*бейнет ет те, зейнет көр*» сөздері арқылы нақты көрсетіп отыр.

Біздің ойымызша, эпистолярлық-медиалық мәтін адресантының өзін-өзі көрсету құралдары мен әдістері, ең алдымен, осы мәтіннің лингвистикалық және экстралингвистикалық өмір сүруінің дискурсивтік факторларымен анықталады. Бұл жағдайда автор халықтың, сайлаушыларының атынан өзінің ашық хатын билікке, барлық басқарушы органдардың заң шығаруға мүдделі адамдарына арнайды. Автор: «*Еліміздегі экономикалық жағдай қиындаған тұста зейнет жасын 63 және 58-ге жеткізу уақытша керек те болған шығар*», – деп, қоғамдық резонанс тудырған әрбір істі түбегейлі шешу қажеттігіне назар аударады. Адресанттың бұндай ашық ұстанымы, әдетте, жалпы ашық хат мәтініне тән болады. Көп жағдайда ашық хат мәтіні адресанттың өзін-өзі таныстыруынан кейін оқиғаның сипаттамасы және оны бағалауы, сұрауы негіздеуі және ресімдеуі сияқты құрылымдардан тұрады. Автор: «Сондай-ақ соғыс жылдары тылда жұмыс істеп, еңбекке ерте араласқан ұрпақтан да некен-саяқ қалды. Олардың ішінде «1941-1945 жылдардағы еңбекте ерен ерлік көрсеткені үшін» медалімен марапатталғандар бар. Міне, соларды соғысқа қатысқандар қатарына теңестіру әділет салтанаты болар еді» [20; 589], – дейді. Мұндағы эпистолярлық-медиалық хабарламаның, атап айтқанда ашық хат адресантының өзін-өзі көрсетуі қоғамдағы әлеуметтік топтардың айырмашылықтарын, ол топтарға жататын адамдар қатарын ерекше атап көрсетеді. А.В. Курьянович ашық хатты эпистолярлық-медиалық хаттар тобына жатқызады. Оларды «белгілі бір жанрлық және стильдік ерекшелігі бар, тұлғааралық және әлеуметтік өзара әрекеттесетін жазбаша сөйлеу шығармалары» деп түсіндіріп, хат алушылармен коммуникация «медиа байланыс арнасы арқылы жүзеге асырылады» [22; 71], – дейді.

Расында да, ашық хат басқа да публицистикалық мәтіндер сияқты автордың өзінің пікірін білдіруіне, азаматтық позициясын қорғауға, басқа тақырып бойынша қажетті әрекеттерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Біз тоқталып отырған хатты автор ашық түрде, яғни өзінің ресми лауазымын көрсете аяқтайды. Мысалы: «Маған келіп жатқан хаттардың ішінде осындай өтініштер бар. Адамгершілік тұрғысынан қарағанда, бұл тілек-талаптар орынды сияқты. Депутат Шерхан Мұртаза» [20; 589]. Ашық хат, әдетте, өкілеттігі бар мемлекеттік тұлғаға жіберіледі. Дегенмен ашық хаттың адрестелуі екі жақты: формалды түрде ашық хат белгілі бір адамға немесе адамдар тобына, яғни оның тікелей адресаты бар, бірақ мәні мен мағынасы бойынша ол тікелей оқырмандардың кең ауқымына арналады. Шерхан Мұртазаның екінші хаты осы қатардан. Оның 1996 жылдың 12 шілдесіндегі «Алтын сандықтың кілті кімде?» хаты жеке тұлғаға (Камал Смайылов) жазылғанымен, ол сол газеттің барлық оқырмандарына, шындығында, тұтас қоғамға, сол қоғамды билеушілерге арналған: «Камал дос! «Егемен Қазақстанда» жарық көрген Қазақстан. ХХІ ғасыр» атты көлемді мақалаңды оқып (25 маусым, 1996 ж.), көңілім сан саққа жүгірді. Бір себептен сүйсіндім. Бір себептен күмәндімін *«Жер-Ана»* деген ұлы ұғым орыстарда да бар. Бірақ сөйте тұра, сол *Ананы бағындырамыз!* – деді. Есінде ме сол ұран? Біздің газеттердің аншлагы, маңдайшасы болатын. *Бақандай-бақандай* әріптермен терілетін. О заманда — бұл заман өз Анасын бағындыратын адам бола ма екен?!

Сөйтіп ұлы Анамыздың көйлегі жыртылды, *омырауы айғыз-айғыз* болды. Жүз жылдық жара түсті. Дүниежүзілік ұятқа қалдық.

Ал, сен болсаң Қазақстанның жерінде бір миллиард адамды асырай алатын өнім алуға болады дейсің. Аузыңа май! жалпы мақалаң тұтастай алғанда дерекке бай. Қазіргі кезде оқулықтар жетпей жатқан мектептерге сабақ болатындай.

Оқулық дегеннен еске түседі. Өзін журналистер одағын басқарасың. Қолыңда нақты деректерін бар шығар, осы біздің қазақ тілінде шығатын басылымдардың бәрі жиналып бір «Караванның» тиражына жетер ме екен? [20; 298] – дейді.

Хатта стиль аралық диффузия құбылысы байқалады, яғни хат мәтінінің вербалды құрылымында эмоционалды-экспрессивті лексика, терминдер, ауызекі сөйлеу тілінің элементтері, ұлттық этикеттік формула, өзгеріске түскен прецедентті мәтін кездеседі.

«Тілді тұтынушының интенциясы мен мақсаттарын, оның өмірдегі белсенді позициясын, және тиісінше оның әлем бейнесінің динамикасын көрсететін прагматикалық деңгей бірліктерінің жиынтығына пресуппозиция, дейксис, рефлексия элементтері, баға, «ұйытқы сөздер», прецедентті мәтіндер, аргументация тәсілдері, «сценарийлер», жоспарлар, сондай-ақ өзін-өзі көрсету бағдары жатады» [23; 672] деген тұжырымды ескерсек, жоғары аталған хат авторлары тілдік тұлға ретінде өз

ниетін, мақсатын ашық, анық, дәл жеткізе алғанын көреміз. Бұл қоғам мәселесін көтеруде эпистолярлық стильдің мәні зор екенін аңғартады.

Жалпы Ш. Мұртазаның ашық хаттарында халықтың әлеуметтік мәселесі, жағдайы сөз болған. Оның тілдік тұлғасында эпистолярлық-медиалық тілдік тұлға белгілері айқын көрінеді деуге болады. А.О. Курьянович «Эпистолярно-медийная языковая личность особый тип носителя, автор (адресант) контента эпистолярно-медийных текстов (Ф.Б. Бешукова, А.В. Курьянович, Н.С. Сибирко, А.В. Шишкина и др.) — письменных речевых произведений, обладающих ярко выраженной жанрово-стилевой спецификой, посредством которых осуществляется межличностное и социальное взаимодействие с адресатами в условиях медиадискурса» [24; 672], – дейді. Ал І. Омаровтың тұсында осындай медиа таралуы болмағанмен, оның жазысқан хаттарынан әлеуметтік-мәдени, саяси-қоғамдық мәселелер көтерілгені байқалады және медиалық-тілдік тұлғаның белгілері ішінара кездеседі.

Қорытынды

Қорытындылай келе, эпистолярлық мәтіндер тілінің өзіне тән лексикалық, грамматикалық, стильдік ерекшеліктері бар. Әрбір қайраткердің эпистолярлық жанрдың мазмұны, көлемі, жазылуы жағынан да айырмашылықтарды, ерекшеліктерді, авторлық қолданыстарды көреміз. Хаттардың мәтініндегі лексика-фразеологиялық қолданыстардың да әрбір авторға тән өзгеше болып келетіні байқалады. Эпистолярлық стиль адамның жан дүниесіндегі ар, намыс, адамгершілік сияқты міндетті мейлінше терең, бүкпесіз жеткізе алады. Эпистолярлық стильдің ерекшелігі туралы ғалым Г. Әбікенова «Хат мәтінінен эпистолярлық жанрдың ерекшелігі көрінеді:

- хат арқылы қоғам қайраткерлері, ақын-жазушы, сыншы, әдебиетші т.б. атақты дарынды тұлғалардың оптимистік көзқарасы, қазақ халқына тән, ұлттық философиялық ойлары танылады;
- өмірдегі өзекті мәселелерді баяндап, талқыға салады, пікірлеседі, ой қорытады, тарихи шындықты тануға көмектеседі;
- тебірене жазылған хаттарда көркем шығармамен салыстырғанда жазушының ішкі сезімдері шынайы жеткізіледі», – деп атап көрсетеді [25; 195].

Біз ашық хатты тек публицистикада ғана емес, басқа салаларда да, мысалы, қоғаммен байланыста қолдануға болатын синкреттік көпфункционалы жанр ретінде қарастырдық. Осы көзқарастар эпистолярлық-медиалық тұлғалардың, оның ішінде ашық хат авторларының азаматтық позициясын көрсетудегі батылдық, адалдық пен мақсатқа жетудегі табандылық, жүйелі іс-әрекеттің өзектілігін айқындайды.

Ашық хат жанры қоғам мүшелерімен байланыс құралы ретінде әсіресе дағдарыстық жағдайларда тиімді жұмыс істей алады. Себебі ол бір жағынан беделді нақты бір адамға бағытталады және оны бар немесе болуы мүмкін болашақ мәселені шешуге ықпал етуге шақырады. Екінші жағынан, қолдау табу үшін қалың жұртшылыққа жүгінеді, бұл осы тақырыптың имиджіне оң әсер ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Пірәлі Г. М.О. Әуезовтің эпистолярлық мұралары / Г. Пірәлі. — Алматы: «Елтаным» баспасы, 2017. — 158 б.
- 2 Қазақ Совет энциклопедиясы [12 т.] / Қазақ Совет энциклопедиясы. — Алматы: 1978. — Т. 12. — 598 б.
- 3 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы / Р. Сыздықова. — Алматы: 2004. — 282 б.
- 4 Кохтев Н.Н. Эпистолярный стиль / Н.Н. Кохтев // Русский язык: энциклопедия. — Москва: Большая Рос. энцикл.; Дрофа. — 1997. — С. 639–640.
- 5 Протопопова О.В. Эпистолярный стиль / О.В. Протопопова; под ред. М.Н. Кожинной // Стилистический энциклопедический словарь русского языка. — Москва: Флинта: Наука. — С. 631–634.
- 6 Кирьянова А.П. Адресант в аспекте языковой оценки (на материале писем М.И. Цветаевой) / А.П. Кирьянова // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. Аспирантские тетради. — Т. 16, № 40. — С. 124–129.
- 7 Кирьянова А.П. Адресант в виртуальном пространстве письма (на материале эпистолярия М.И. Цветаевой) / А.П. Кирьянова // Житниковские чтения (VIII). Информационные системы: гуманитарная парадигма: материалы Всерос. науч. конф. — Челябинск: Челябинский государственный университет. — 2007. — С. 244–249.
- 8 Бахтин М. Проблема речевых жанров / М. Бахтин; сост. С.Г. Бочаров, В.В.Кожин // Литературно-критические статьи. — Москва: Художественная литература. — 1986. — С. 428–472.

- 9 Королева И. Эпистолярный стиль как объект лингвокультурологического исследования / И. Королева // Вестник ВолГУ. Серия 2, Языкознание. — 2019. — Т. 18, № 2. — С. 174–181.
- 10 Белунова Н. Дружеское письмо в функционально-стилистическом аспекте / Н. Белунова // Русский язык в школе. — 2000. — № 1. — С. 59.
- 11 Омарбекова Г. М. Әуезовтің эпистолярлық стиліндегі антропонимдік вокативтердің қолданысы / Г. Омарбекова // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. — 2023. — № 4. — Б. 130–143.
- 12 Омаров І. Толғамдар = Раздумья / І. Омаров. — Алматы: 1992. — 168 б.
- 13 Сыздыкова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы) / Р. Сыздыкова. — Алматы: Ел-шежіре. — 2014. — 124 б.
- 14 Илияс Омаров: Хаттар арқалаған сырлар = Из переписки Ильяса Омарова / Құраст. І.М. Қозыбаев, Н.П. Кропивницкий, А.Л. Кривков. — Алматы: Раритет. — 2012. — 480 б.
- 15 Омаров І. Өмір мен өнер (Очерктер, мақалалар, өлендер, хаттар, естеліктер) / І. Омаров; құраст. Қуанышбай Құрманғали. — Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2012. — 520 б.
- 16 Седова О. Эпистолярный стиль в системе функциональных стилей русского языка / О. Седова // Филологические науки. — 1985. — № 6. — С. 57–62.
- 17 Летушина И. Русская разговорная речь (лексика) в «почтовой прозе» первой трети XIX столетия / И. Летушина. — Москва: МГОУ, 2003. — 126 с.
- 18 Акимова Т. Эпистолярный текст: лингвокультурологические характеристики / Т. Акимова. — Волгоград: ИП Поликарпов И.Л. — 2016. — 332 с.
- 19 Чеснокова И.А. Дифференциальные и интегральные признаки открытых писем / И.А. Чеснокова // Вестник Томского государственного педагогического университета. — 2011. — № 6. — С. 100–103.
- 20 Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы [6 томдық] / Ш. Мұртаза. — Алматы: Қазығұрт, 2002. — Т. 6: Мақалалар, публицистикалық толғамдар. — 616 б.
- 21 Әбікенова Г. Көркем шығармадағы эпистолярлық жанрдың көрінісі / Г. Әбікенова // Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің хабаршысы. — 2018. — № 3 (39). — Б. 191–195.
- 22 Курьянович А. Эпистолярно-медийная языковая личность как homo verbo agens, или человек, действующий словом / А. Курьянович // Вестник ТГПУ. — 2016. — № 10 (175). — С. 41–47.
- 23 Караулов Ю. Языковая личность / Ю. Караулов // Русский язык: энциклопедия. — Москва, 1986.
- 24 Курьянович А. О стилистическом статусе медийного эпистолярия / А. Курьянович // Современные тенденции развития науки и технологий. — 2016. — № 5-4. — С. 71–74.
- 25 Әбікенова Г. Қазақ тіліндегі эпистолярлық стильдің лингвистикалық сипаты: монография / Г. Әбікенова. — Семей: 2008. — 158 б.

А.К. Даирбекова, А.С. Адилова, Б.А. Жунусова, С.А. Рахымберлина

Эпистолярный дискурс медиально-языковых личностей (на основе писем И. Омарова и Ш. Муртазы)

В нашей лингвистике до настоящего времени большее внимание уделялось исследованию языка поэтов и писателей, тогда как в последние годы все чаще предпринимаются работы, посвященные изучению эпистолярного дискурса отдельных писателей, а также деятелей общества и культуры. Письмо — это особый эпистолярный жанр речи. Оно адресуется для передачи определенной информации, уведомления или поддержания взаимных отношений. В статье анализируются языковые особенности и стиль писем, а также взаимоотношения между адресантом и адресатом. Через письма, опубликованные в печати, рассматриваются общественно-социальные вопросы, приводятся конкретные доводы и мысли, выражающие голос народа. Цель статьи — уточнить языковые особенности эпистолярного дискурса выдающихся деятелей культуры и общества, достойных граждан Казахстана Ильяса Омарова и Шерхана Муртазы как медиально-языковых личностей, определить функциональные, коммуникативные и прагматические функции языковых единиц в их идиостиле. Важно подчеркнуть, что эпистолярный жанр отражает связи и межличностные отношения между автором и адресатом. Через эпистолярный дискурс в текстах писем можно увидеть обозначение определенного времени (эпохи). Дружеские письма деятелей культуры друг другу являются своеобразными документами своего времени. С точки зрения коммуникативно-прагматического и лингвокультурологического подходов языковой материал рассматривается комплексно. Посредством эпистолярного стиля выявляется информационная значимость писем, уточняются авторские употребления и языковая культура текстов писем. Проявляется мастерство автора убеждать адресата, умение понимать психологию личности и межличностные отношения, опыт воздействия информацией, знание истории каждого затронутого вопроса, умение убеждать и доказывать. Определяются особенности взаимных отношений коммуникантов, их идиостиля и характеристик языковой личности. В письмах Ш. Муртазы и И. Омарова мы

видим проявление их сущности как образованных, интеллигентных людей, а также эффективное сочетание дружеских и деловых отношений. В статье применяется коммуникативно-функциональный метод анализа: исследуются тексты писем, выявляются их лексико-семантические особенности. В текстах писем заметны: анализ политико-общественных ситуаций, включение различных мнений, использование простой лексики и элементов устной разговорной речи. Наряду с этим употреблены характерных для общения клише — приветствий, выражений благодарности, пожеланий, извинений — свидетельствует о проявлении уважения к адресату и способствует формированию доверия. Через письма общественные деятели максимально откровенно выражают свои мысли, глубоко раскрывают внутренний мир, а также обстоятельно рассуждают о происходящих в обществе событиях. Следовательно, письмо можно назвать особым жанром, способным объединять в себе сведения от разговорного до научного стиля.

Ключевые слова: письмо, текст письма, эпистолярный стиль, эпистолярный дискурс, адресат и адресант, личность, общественные деятели, идиостиль, языковые единицы.

A.K. Dairbekova, A.S. Adilova, B.A. Zhunusova, S.A. Rakhymberlina

Epistolary Discourse of Media-Linguistic Personalities (Based on the Letters of I. Omarov and Sh. Murtaza)

In our linguistics, up to the present time, more scientific works have been devoted to the study of the language of poets and writers, whereas in recent years more attention has been given to research focused on the epistolary discourse of individual writers as well as figures of society and culture. A letter is a special epistolary genre of speech. It is known that it is sent with the purpose of conveying certain information to the addressee, informing them, or maintaining mutual relations. The article analyzes the linguistic features and style of letters, as well as the relationships between addressee and addresser. Through letters exchanged in the press, the social issues of writers are examined, and specific evidence and ideas expressing the voice of the people are presented. The purpose of the article is to specify the linguistic features of the epistolary discourse of outstanding figures of culture and society, eminent citizens of Kazakhstan Ilyas Omarov and Sherkhan Murtaza, who can be recognized as media-linguistic personalities, and to determine the functional, communicative, and pragmatic functions of linguistic units in their idiosyncrasy. It is important to note that the epistolary genre also reveals the connection and interpersonal relations between author and addressee. Through epistolary discourse, one can see how letter texts reflect a specific time (era). The friendly letters of cultural figures to each other are documents of their epoch. From the communicative-pragmatic and linguo-cultural perspectives, the linguistic material is considered in a comprehensive manner. Through the epistolary style, the informational significance of letters is revealed, while the author's linguistic usage and the culture of language in the texts are clarified. The author's skill in persuading the reader, ability to understand personality psychology and interpersonal relations, experience in influencing through information, knowledge of the historical background of each issue raised, and ability to convince and argue are demonstrated. The specific features of communicants' relationships, their idiosyncrasy, and their linguistic personality traits are identified. Through the letters of Sh. Murtaza and I. Omarov, we observe their essence as educated, intelligent individuals, as well as the effective application of both friendly and business-like relations. The article employs the communicative-functional analysis method: the texts of the letters are examined, and their lexical-semantic features are determined. In the letter texts, one can observe analysis of socio-political situations, the inclusion of various opinions, and the use of simple vocabulary and elements of spoken colloquial language. In addition, the use of communication-related clichés such as greetings, expressions of gratitude, good wishes, and apologies reflects respect toward the addressee and contributes to building trust. Through letters, public figures express their thoughts with maximum openness, reveal their inner world in depth, and profoundly reflect on the issues occurring in society. Thus, we have every reason to state that the letter is a unique genre capable of combining information ranging from conversational to scientific style.

Keywords: letter, letter text, epistolary style, epistolary discourse, addressee and addresser, personality, public figures, idiosyncrasy, linguistic units.

References:

- 1 Pirali, G. (2017). *M.O. Auezovtin epistoliarlyq muralary* [M.O. Auezov's epistolary heritage]. Almaty, «Eltanym» baspasy [in Kazakh].
- 2 *Qazaq Sovet entsiklopediiasy* [Kazakh Soviet Encyclopedia]. (Vols. 1–12; Vol. 12). Almaty [in Kazakh].
- 3 Syzdykova, R. (2004). *Qazaq adebi tilinin tarikhly* [History of the Kazakh literary language]. Almaty [in Kazakh].
- 4 Kokhtev, N.N. (1997). Epistoliarnyi stil [Epistolary style]. *Russkii yazyk: entsiklopediia — Russian language: encyclopedia*, 639–640. Moscow: Bolchaia Rossiiskaia entsiklopediia: Drofa [in Russian].
- 5 Protopopova, O.V. (2003). Epistoliarnyi stil [Epistolary style]. *Stilisticheskii entsiklopedicheskii slovar russkogo yazyka — Stylistic Encyclopedic Dictionary of the Russian Language*, 631–634. M.N. Kozhina (Ed.). Moscow: Flinta: Nauka [in Russian].

- 6 Kirianova, A.P. (2007). Adresant v aspekte yazykovoi otsenki (na materiale pisem M.I. Tsvetaevoi) [The addresser in the aspect of linguistic evaluation (based on the letters of M.I. Tsvetaeva)]. *Izvestia Rossiiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.I. Gertsena. Aspirantskie tetradi — Izvestia: Herzen University Journal of Humanities & Sciences, Postgraduate notebooks* 16, 40, 124–129 [in Russian].
- 7 Kirianova, A.P. (2007). Adresant v virtualnom prostranstve pisma (na materiale epistoliarii M.I. Tsvetaevoi) [The addresser in the virtual space of the letter (based on the epistolary of M.I. Tsvetaeva)]. *Zhurnalovskoe chteniia (VIII; 2007). Informatsionnye sistemy: gumanitarnaia paradigma. Materialy Vserossiiskoi nauchnoi konferentsii — Zhurnalovskoe chteniia (VIII; 2007). Information Systems: Humanitarian Paradigm, Materials of the All-Russian Scientific Conference* (pp. 244–249). Cheliabinsk: Cheliabinskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].
- 8 Bakhtin, M. (1986). Problema rechevykh zhanrov [The problem of speech genres]. *Literaturno-kriticheskie statii — Literary-critical articles*. Moscow: Khudozhestvennaia literatura [in Russian].
- 9 Koroleva, I. (2019). Epistoliarnyi stil kak obekt lingvokulturologicheskogo issledovaniia [Epistolary style as an object of linguoculturological research]. *Vestnik Volgogradskogo Gosudarstvennogo Universiteta. Seria 2, Yazykoznanie — Science Journal of Volgograd State University. Linguistics*, 18, 2, 174–181 [in Russian].
- 10 Belunova, N. (2000). Druzheskoe pismo v funktsionalno-stilisticheskom aspekte [Friendly letter in the functional-stylistic aspect]. *Russkii yazyk v shkole — Russian Language at School*, 1, 59 [in Russian].
- 11 Omarbekova, G. (2023). M. Auezovtin epistoliarlyq stilindegi antroponimdik vokativterdin qoldanyсы [The use of Anthroponymicalvocatives in the epistolary style of Mukhtar Auezov]. *Eurazia gumanitarnyq institutynyn khabarshysy — Bulletin of the Eurasian Humanities Institute*, 4, 130–143 [in Kazakh].
- 12 Omarov, I. (1992). *Tolgandar = Razdumia* [Reflections]. Almaty [in Kazakh].
- 13 Syzdykova, R. (2014). *Tildik norma zhane onyn qalyptanuy (kodifikatsiiasy)* [Linguistic norm and its formation (codification)]. Almaty: El-shezhire [in Kazakh].
- 14 Omarov, I. (2012). *Khattar arqalagan syrlar = Is perepiski Iliasa Omarova* [Secrets carried by letters = from the correspondence of Ilyas Omarov]. I.M. Kozybayev, N.P. Kropivnitskii, A.L. Krivkov (Comp.). Almaty: Raritet [in Kazakh].
- 15 Omarov, I. (2012). *Omir men oner* (Ocherkter, maqalalar, olender, khattar, estelikter) [Life and art (Essays, articles, poems, letters, memoirs)]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 16 Sedova, O. (1985). Epistoliarnyi stil v sisteme funktsionalnykh stilei russkogo yazyka [Epistolary style in the system of functional styles of the Russian language]. *Filologicheskie nauki — Philological Sciences*, 6, 57–62 [in Russian].
- 17 Letushina, I. (2003). *Russkaia razgovornaia rech (leksika) v «pochtovoi proze» pervoi treti XIX stoletia* [Russian colloquial speech (vocabulary) in “postal prose” of the first third of the XIX century]. Moscow: Moskovskii gosudarstvennyi oblostnoi universitet [in Russian].
- 18 Akimova, T. (2016). *Epistoliarnyi tekst: lingvokulturologicheskie kharakteristiki* [Epistolary text: linguoculturological characteristics]. Volgograd: IP Polikarpov I.L. [in Russian].
- 19 Chesnokova, I.A. (2011). *Differentsialnye i integralnye priznaki otkrytykh pisem* [Differential and integral features of open letters]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta — Tomsk State Pedagogical University Bulletin*, 6, 100–103 [in Russian].
- 20 Murtaza, Sh. (2002). *Alty tomdyq shygarmalar zhinagy* [Six-volume collection of works]. (Vols. 1–6). Vol. 6. Maqalalar, publitsistikalıyq toldamdar [Articles, journalistic thoughts]. Almaty: Qazygurt [in Kazakh].
- 21 Abikenova, G. (2018). *Korkem shygarmadagy epistoliarlyq zhandyn korinisi* [Reflection of the epistolary genre in fiction]. *Qazaq innovatsiialyq gumanitarnyq-zan universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Kazakh Innovative University of Humanities and Law*, 3 (39), 191–195 [in Kazakh].
- 22 Kurianovich, A. (2016). *Epistoliarno-mediinaia yazykovaia lichnost kak homo verbo agens, ili chelovek, deistvuiushchii slovom* [Epistolary-media linguistic personality as homo verbo agens, or a person acting with a word]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta — Tomsk State Pedagogical University Bulletin*, 10 (175), 41–47 [in Russian].
- 23 Karaulov, Yu. (1986). *Yazykovaia lichnost* [Linguistic personality]. *Russkii yazyk: Entsiklopediia — Russian Language: Encyclopedia*. Moscow [in Russian].
- 24 Kurianovich, A. (2016). *O stilisticheskom statuse mediinogo epistoliarii* [On the stylistic status of media epistolary]. *Sovremennye tendentsii razvitiia nauki i tekhnologii — Modern Trends in the Development of Science and Technology*, 5-4, 71–74 [in Russian].
- 25 Abikenova, G. (2008). *Qazaq tilindegi epistoliarlyq stildin lingvistikalıyq sipaty* [Linguistic character of the epistolary style in the Kazakh language]. Semei [in Kazakh].

Information about the authors

Dairbekova, Ayaulym Kenespaevna (corresponding author) — Doctoral student, Kazakh Linguistic Department, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: ayau78@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-7924-4285>

Adilova, Almagul Sovetovna — Doctor of Philological Sciences, Professor, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: adilova2010@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4094-4893>

Zhunosova, Bayan Amanzholovna — Senior Lecturer, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: bayan75-75_75@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3570-1010>

Rakhemberlina, Sagila Abdigalieвна — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: Rakhemberlina_Sagila@buketov.edu7kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6186-4521>

Buketov University